

Күршім ауданы Төсқайың ауылдық округіне ветеринариялық режим белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 25 қыркүйектегі N 1338 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 26 қазанда N 5-14-92 тіркелді. Күші жойылды - Күршім ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 02 қарашадағы N 1800 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Күршім ауданы әкімдігінің 2010.11.02 N 1800 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» № 339 Заңының 10 бабының 2 тармағының 9) тармақшасының және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» № 148 Заңының 31 бабының 1 тармағының 18) тармақшасының негізінде Күршім ауданының әкімдігі

ҚАУЛЫ

Е Т Е Д І :

1. Төсқайың ауылдық округінің Төсқайың ауылynyң ірі қара малдарының сарып ауруына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық р е ж и м б е л г і л е н с і н .

2. Аудандық аумақтық ауыл шаруашылық инспекциясына (Н. Екібасов) (келісімі бойынша), аудандық санитарлық эпидемиологиялық қадағалау басқармасына (Қ. Төлеуғазин) (келісімі бойынша) жеке және занды тұлғалармен орындауға міндетті ветеринариялық іс-шараларды үйымдастыру үсінілсін.

3. Төсқайың ауылдық округінің әкіміне (М. Саганақов) шектеу белгіленген аумақтан немесе аумаққа ауыл шаруашылығы жануарларын әкелу және осы аймақтан алып кету, ауыл шаруашылығы жануарлары өнімдерін, шикізаттарын дайындау және пайдалану, еңбекті ұйымдастыру және басқа да әкімшілік шаруашылық шараларды Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамаларды сақтай отырып жүргізу тапсырылсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары
Д.Ә. Әлхановқа жүктелсін.

5. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күршім ауданының әкімі

A. Сеитов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК